

**"Мұнай және газ саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 28 қазандағы № 77 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 30 қазандағы № 363 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 15 желтоқсанда № 16102 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мұнай және газ саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 28 қазандағы № 77 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9998 болып тіркелген, 2014 жылғы 28 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мұнай және газ саласында қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекция департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика

министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі

Қ. Бозымбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрі

\_\_\_\_\_ Д. Абаев

2017 жылғы 13 қараша

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Т. Сүлейменов

2017 жылғы 30 қараша

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2017 жылғы 30 қазандағы  
№ 363 бұйрығына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2014 жылғы 28 қазандағы  
№ 77 бұйрығымен бекітілген

## **Мұнай және газ саласында қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі**

р/с №	Біліктілік талаптары	Құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
Мұнай және газ саласында тау-кен (көмірсутек шикізаты), мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану жөніндегі қызметтер мыналардың болуын қамтиды:			
	Пайдаланылатын кондырғыларды және (немесе) жабдықтарды көрсете отырып, заңды тұлғалар үшін – мөрмен (бар болған жағдайда) және	мәлімделген қызметтің кіші түріне арналған	жобалау құжаттарын; технологиялық регламенттерді, көмірсутекті шикізат кен орындарына арналған жобалардың

1	<p>өтініш берушінің техникалық басшысы қолымен, жеке тұлғалар үшін өтініш берушінің қолымен куәландырылған мәлімделген лицензияланатын қызметтің кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиясы мен тәртібін сипаттайтын технологиялық регламент</p>	<p>технологиялық регламенттің атауын және бекітілген күнін қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	<p>техникалық-экономикалық негіздемесін жасау; мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық); магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану жөніндегі қызмет үшін талап етілмейді</p>
2	<p>Меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі өндірістік базаның (ғимараттың, үй-жайдың) болуы</p>	<p>өндірістік базаның (ғимараттың, үй-жайдың) болуын растайтын құжаттардың (объектілердің техникалық паспортының; мүлікті жалға беру (жалдау) шартының/мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының) атауын, нөмірін және берілген күнін қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	<p>"магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану" қызметінің кіші түріне қолданылмайды</p>
	<p>Мұнай және газ саласында тау-кен (көмірсутек шикізаты), мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану жөніндегі қызметтер үшін мәлімделген қызметтің кіші түріне сәйкес келетін меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі төмендегілердің болуы қажет:</p>		
	<p>1) жобалау құжаттарын; технологиялық регламенттерді, көмірсутекті шикізат кен орындарына арналған жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін жасау; мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) ү ш і н : мұнай және газ саласында жобалау үшін лицензияланған бағдарламалық қ а м т ы л ы м н ы ң ; жобалау үшін пайдаланылатын арнаулы техника және (немесе) жабдықтың (компьютерлердің, принтерлердің, плоттерлердің, кәсіпшілік зерттеулерге арналған ұңғымалық аспаптардың)</p>	<p>1) лицензияланған бағдарламалық қамтылымның атауын; лицензияланған бағдарламалық қамтылымның заңды иелігін растайтын құжаттың нөмірін және берілген күнін; 2) пайдаланылатын компьютерлердің, принтерлердің, плоттерлердің, кәсіпшілік зерттеулерге арналған ұңғымалық аспаптардың атауын, маркасын және санын қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	<p>кәсіпшілік зерттеулерге арналған ұңғымалық аспаптардың болуы " мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық)" кіші түріне талап етілмейді</p>
	<p>2) мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіру үшін – технологиялық регламентте</p>	<p>негізгі инженерлік құрылыстардың және</p>	

көрсетілген негізгі инженерлік құрылыстардың және кондырғылардың болуы	кондырғылардың атауын қамтитын мәліметтер нысаны*	
<p>3) көмірсутекті шикізат кен орындарында технологиялық жұмыстар (кәсіпшілік зерттеулер; сейсмикалық барлау жұмыстары; геофизикалық жұмыстар) жүргізу үшін :</p> <p>кәсіпшілік зерттеулер үшін – технологиялық регламентте көрсетілген ұңғымалық аспаптардың және (немесе) жабдықтардың; геофизикалық жұмыстар үшін – ұңғымалық аспаптардың және аспаптардың көрсеткіштерін тіркеуге арналған жерүсті аппаратурасының, ұңғымада түсіру-көтеру операцияларына арналған жүк шығырдың және технологиялық регламентте көрсетілген жабдықтардың;</p> <p>сейсмикалық барлау жұмыстары үшін – технологиялық регламентте көрсетілген сейсмикалық станцияның және (немесе) басқа сейсмикалық барлау жабдықтарының</p>	<p>1) кәсіпшілік зерттеулер үшін – ұңғымалық аспаптардың және (немесе) жабдықтың атауын, маркасын, шығарылған жылын, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірін;</p> <p>2) геофизикалық жұмыстар үшін – ұңғымалық аспаптардың және аспаптардың көрсеткіштерін тіркеуге арналған жерүсті аппаратурасының, ұңғымада түсіру-көтеру операцияларына арналған жүк шығырдың және жабдықтардың атауын, маркасын, шығарылған жылын, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірін;</p> <p>3) сейсмикалық барлау жұмыстары үшін – сейсмикалық станцияның және (немесе) сейсмикалық барлау жабдығының атауын, маркасын, шығарылған жылын, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірін қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>4) мұнай; газ; газ конденсаты; айдама ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстарын жүргізу үшін: рұқсаттың не жарылғыш материалдарды және олардың негізінде жасалған бұйымдарды үнемі қолдануға рұқсаты бар ұйыммен жасалған шартының; технологиялық регламентте көрсетілген перфорациялық жабдықтар немесе жүйелерінің</p>	<p>1) рұқсаттың не жарылғыш материалдарды және олардың негізінде жасалған бұйымдарды үнемі қолдануға рұқсаты бар ұйыммен жасалған шарттың атауын, нөмірін және берілген күнін;</p> <p>2) перфорациялық жабдықтар немесе жүйелерінің атауын, маркасын, шығарылған жылын, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірін қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>5) құрлықта; теңізде; ішкі су қоймаларында көмірсутекті шикізат кен орындарында ұңғымаларды бұрғылау үшін – технологиялық</p>	<p>бұрғылау кондырғысының, шығарындыға қарсы жабдықтардың және басқа да жабдықтың атауын,</p>	

<p>регламентте көрсетілген бұрғылау қондырғысының, шығарындыға қарсы жабдықтардың және басқа да жабдықтың</p>	<p>маркасын, шығарылған жылын, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірін қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>б) кен орындарында ұңғымаларды жер астында (күрделі, ағымдағы) жөндеу үшін –технологиялық регламентте көрсетілген жөндеу бойынша қондырғының, шығарындыға қарсы жабдықтардың және басқа да жабдықтың</p>	<p>кен орындарында ұңғымаларды жөндеу бойынша қондырғының, шығарындыға қарсы жабдықтардың және басқа да жабдықтың атауын, маркасын, шығарылған жылын, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірін қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>7) көмірсутекті шикізат кен орындарында ұңғымаларды цементтеу ; сынау; игеру, сынаудан өткізу үшін – технологиялық регламентте көрсетілген қондырғының және (немесе) арнайы техниканың болуы</p>	<p>қондырғының және (немесе) арнайы техниканың атауын, маркасын, шығарылған жылын, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірін қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>8) мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту үшін – технологиялық регламентте көрсетілген арнайы техниканың және (немесе) жабдықтың болуы</p>	<p>арнайы техниканың және (немесе) жабдықтың атауын, маркасын, шығарылған жылын, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірін қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>9) құрлықтағы; теңіздегі кен орындарында көмірсутекті шикізат төгілуінің алдын алу және оларды жою жөніндегі жұмыстар үшін – технологиялық регламентте көрсетілген арнайы техниканың және (немесе) құрлықта мұнай жинауға арналған жабдықтың; теңіздегі мұнай жинау құрылғының, жүзуші резервуарлар және бондық тосқауылдардың</p>	<p>арнайы техниканың және (немесе) құрлықта мұнай жинауға арналған жабдықтардың; теңіздегі мұнай жинау құрылғының, жүзуші резервуарлар және бондық тосқауылдардың атауын, маркасын, шығарылған жылын, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірін қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>10) көмірсутекті шикізат кен орындарында ұңғымаларды консервациялау; жою үшін – технологиялық регламентте көрсетілген консервациялауға және жоюға арналған қондырғының және (немесе) жабдықтардың</p>	<p>консервациялауға және жоюға арналған қондырғының және (немесе) жабдықтардың атауын, маркасын, шығарылған жылын, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірін қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	

<p>11) мұнай-химия өндірістерін пайдалану үшін: технологиялық регламентте көрсетілген негізгі технологиялық қондырғылардың және жабдықтардың ; мұнай-химия өндірістеріне арналған арнайы жабдықталған қоймалардың ; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте аттестатталған зертхананың немесе өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау бойынша аккредиттелген зертханамен қызмет көрсету шартының болуы</p>	<p>1) негізгі технологиялық қондырғылардың және жабдықтардың атауын, маркасын, шығарылған жылын, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірін; 2) мұнай-химия өндірістеріне арналған арнайы жабдықталған қоймалардың болуы туралы ақпаратты; 2) зертханаға берілген аттестаттың нөмірін және күнін ; өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау бойынша аккредиттелген зертханамен қызмет көрсету шартының нөмірін және берілген күнін қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	
<p>Магистральдық газ құбырлары, мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану үшін меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі :</p> <p>1) магистральдық газ құбырлары, мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырларының ;</p> <p>2) магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануды (соның ішінде техникалық диагностикалауды және техникалық қызмет көрсетуді) қамтамасыз ететін диагностикалық аспаптардың, бақылау-өлшеу аспаптарының, құралдардың, жабдықтардың ;</p> <p>3) заманауи жабдықтар мен технологияларды пайдалана отырып, қолданыстағы өндірістік объектілерді реконструкциялау, жаңғырту жөніндегі бекітілген бағдарламалардың; жөндеу жұмыстарын орындау</p>	<p>1) магистральдық газ құбырларының, мұнай құбырларының, мұнай өнімдері құбырлары желілік бөлігінің ұзақтығын көрсете отырып, магистральдық газ құбырларының, мұнай құбырларының, мұнай өнімдері құбырларының болуын растайтын құжаттардың атауын, нөмірі және берілген күнін; 2) мәлімделген қызмет түрлеріне қажетті техникалық талаптарға сәйкес қолданылатын магистральдық газ құбырлары, мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануды қамтамасыз ететін аспаптар және қондырғылардың атауын ; 3) магистральдық құбырларды техникалық диагностикалау үшін – диагностикалық аспаптардың болуы туралы ақпаратты ; 4) магистральдық құбырларға техникалық қызмет көрсету үшін –</p>	<p>тек "магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын , мұнай өнімдері құбырларын</p>

<p>жоспарларының (бағдарламаларының) болуы</p>	<p>бақылау-өлшеу аспаптарының, құралдардың, жабдықтардың болуы туралы ақпаратты; 3) бағдарламалардың және жоспарлардың атауын, олардың бекітілген күнін қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	<p>пайдалану" қызметінің кіші түрінене ғана қолданылады</p>
<p>5</p> <p>Мыналарды:</p> <p>1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды пайдаланудың және оларға техникалық қызмет көрсетуді;</p> <p>2) еңбек қауіпсіздігін;</p> <p>3) қоршаған ортаны қорғауды;</p> <p>4) метрологиялық бақылауды;</p> <p>5) технологиялық процесті сақтауды және берілген сападағы өнімнің шығарылуын сақтауды ("мұнай-химия өндірістерін пайдалану" қызметінің кіші түріне қолданылады);</p> <p>6) магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдаланудың технологиялық процесін сақтауды ("магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану" қызметтерінің кіші түрлеріне қолданылады) қамтамасыз ететін қызметтердің және (немесе) жауапты тұлғалардың болуы</p>	<p>аталған қызметтерді құру және (немесе) жауапты тұлғаларды тағайындау (жауапкершілікті алмастыру рұқсат етіледі) туралы бұйрықтардың нөмірін және берілген күнін қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	<p>жобалау құжаттарын; технологиялық регламенттерді, көмірсутекті шикізат кен орындары үшін жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу бойынша; мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) жөніндегі қызмет үшін талап етілмейді</p>
<p>6</p> <p>1) техникалық басшылар үшін – мұнай және газ саласындағы жоғарғы техникалық білімі, көрсетілген салада 3 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар;</p> <p>2) мамандар үшін – жоғары техникалық немесе орта арнаулы білімі бар, атқаратын қызметіне сәйкес жалпы персоналдың 50%-нан кем емес біліктілік құрамының болуы</p>	<p>әрбір жұмыскер бойынша мынадай ақпаратты: тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда), оқу орнының атауын, білім туралы құжаттың нөмірін және берілген күнін, білімі бойынша мамандығын және біліктілігін, лауазымын, тиісті салада еңбек өтілін (еңбек кітапшасына немесе еңбек шартына сәйкес) қамтитын мәліметтер нысаны*</p>	

\*Мұнай және газ саласында қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне қосымшада мәліметтер нысаны көрсетілген

Мұнай және газ саласында қызметті жүзеге асыру үшін

## **Мұнай және газ саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне мәліметтер нысаны**

1. Технологиялық регламенттің болуы туралы (жобалау құжаттарын; технологиялық регламенттерді, көмірсутекті шикізат кен орындарын игеру жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін жасау; мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық); магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану жөніндегі қызмет үшін қолданылмайды):

---

— (мәлімделген қызметтің кіші түріне сәйкес технологиялық регламенттің атауы және бекітілген күні)

2. Өндірістік базаның (ғимараттың, үй-жайдың) болуы туралы:

---

— (өндірістік базаның (ғимараттың, үй-жайдың) болуын растайтын құжаттардың (объектілердің техникалық паспортының; мүлікті жалға беру (жалдау) шартының/мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының атауы, нөмірі және берілген күні)

3. Мұнай және газ саласында тау-кен (көмірсутек шикізаты), мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану, магистральдық газ құбырларын, мұнай

құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану жөніндегі қызметтер үшін мәлімделген

қызметтің кіші түріне сәйкес келетін меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі

төмендегілердің болуы қажет:

1) жобалау құжаттарын; технологиялық регламенттерді, көмірсутекті шикізат кен орындарына арналған жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін жасау; мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) үшін:



---

— (лицензияланған бағдарламалық қамтылымның атауы; лицензияланған бағдарламалық қамтылымның заңды иелігін растайтын құжаттың нөмірі және берілген күні)

---

— (пайдаланылатын компьютерлердің, принтерлердің, плоттерлердің, кәсіпшілік зерттеулерге арналған ұңғымалық аспаптардың атауы, маркасы және саны)  
2) мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіру үшін:

---

— (негізгі инженерлік құрылыстардың және қондырғылардың атауы)  
3) көмірсутекті шикізат кен орындарында технологиялық жұмыстар (кәсіпшілік зерттеулер; сейсмикалық барлау жұмыстары; геофизикалық жұмыстар) жүргізу үшін:  
кәсіпшілік зерттеулер үшін:

---

— (ұңғымалық аспаптардың және (немесе) жабдықтың атауы, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі)  
геофизикалық жұмыстар үшін:

---

— (ұңғымалық аспаптардың және аспаптардың көрсеткіштерін тіркеуге арналған жерүсті аппаратурасының, ұңғымада түсіру-көтеру операцияларына арналған жүк шығырдың және жабдықтардың атауы, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі)  
сейсмикалық барлау жұмыстары үшін:

---

— (сейсмикалық станцияның және (немесе) сейсмикалық барлау жабдығының атауы, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі)  
4) мұнай; газ; газ конденсаты; айдама ұңғымаларындағы атқылау-жару жұмыстарын жүргізу үшін:

---

— ;

(жарылғыш материалдарды және олардың негізінде жасалған бұйымдарды үнемі қолдануға рұқсаттың атауы, нөмірі және берілген күні)

---

—;

(жарылғыш материалдарды және олардың негізінде жасалған бұйымдарды үнемі қолдануға рұқсаты бар ұйыммен жасалған шарттың атауы, нөмірі және берілген күні)\*

\*ұйымның жарылғыш заттармен жұмыс жасауға лицензиясы бар болған жағдайда осы абзацтың 2-жолы толтырылмайды;

---

—.

(перфорациялық жабдықтар немесе жүйелерінің атауы, маркасы, шығарылған жылы

,

дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі)

5) құрлықта; теңізде; ішкі су қоймаларында көмірсутекті шикізат кен орындарында

ұңғымаларды бұрғылау үшін:

---

—.

(бұрғылау қондырғысының, шығарындыға қарсы жабдықтардың және басқа да жабдықтың атауы, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі)

б) кен орындарында ұңғымаларды жер астында (күрделі, ағымдағы) жөндеу үшін:

---

—.

(жөндеу бойынша қондырғының, шығарындыға қарсы жабдықтардың және басқа да жабдықтың атауы, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық

нөмірі)

7) көмірсутекті шикізат кен орындарында ұңғымаларды цементтеу; сынау; игеру, сынаудан өткізу үшін:

---

—.

(қондырғының және (немесе) арнайы техниканың атауы, маркасы, шығарылған жылы,

дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі)

8) мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін ұлғайту үшін:

---

— (арнайы техниканың және (немесе) жабдықтың атауы, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі)

9) құрлықтағы; теңіздегі кен орындарында көмірсутекті шикізат төгілуінің алдын алу және оларды жою жөніндегі жұмыстар үшін:

---

— (арнайы техниканың және (немесе) құрлықта мұнай жинауға арналған жабдықтардың;

теңіздегі мұнай жинау құрылғының, жүзуші резервуарлар және бондық тосқауылдардың

атауы, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі)

10) көмірсутекті шикізат кен орындарында ұңғымаларды консервациялау; жою үшін:

---

— (консервациялауға және жоюға арналған қондырғының және (немесе) жабдықтардың

атауы, маркасы, шығарылған жылы, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірі)

11) мұнай-химия өндірістерін пайдалану үшін:

негізгі технологиялық қондырғылардың және жабдықтардың болуы туралы

---

— ; (негізгі технологиялық қондырғылардың және жабдықтардың атауын, маркасын, шығарылған жылын, дайындаушы зауыттың сериялық нөмірін)  
арнайы жабдықталған қоймалардың болуы туралы

---

— ; (арнайы жабдықталған қоймалардың атауы)  
аттестатталған зертхананың немесе аккредиттелген зертханамен қызмет көрсету шартының болуы туралы

---

— ; (өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау бойынша зертханаға берілген аттестаттың нөмірі және күні)

---

—

(өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық шарттарға сәйкестігін бақылау бойынша аккредиттелген зертханамен қызмет көрсету шартының нөмірі және берілген күні)\*

\*ұйымның жеке зертханасы бар болған жағдайда төртінші абзацтың 2-жолы толтырылмайды;

4. Магистральдық газ құбырлары, мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану үшін:

1) магистральдық газ құбырларының, мұнай құбырларының, мұнай өнімдері құбырларының болуы туралы

---

— ;  
(желілік бөлігінің ұзақтығын көрсете отырып, магистральдық газ құбырларының, мұнай құбырларының, мұнай өнімдері құбырларының болуын растайтын құжаттардың атауы, нөмірі және берілген күні)

2) диагностикалық аспаптардың, бақылау-өлшеу аспаптарының, құралдардың, жабдықтардың болуы туралы

---

— ;  
(мәлімделген қызмет түрлеріне қажетті техникалық талаптарға сәйкес қолданылатын

магистральдық газ құбырлары, мұнай құбырлары, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануды қамтамасыз ететін аспаптар және қондырғылардың атауы)

3) магистральдық құбырларды техникалық диагностикалау үшін:

---

— ;  
(диагностикалық аспаптардың болуы туралы ақпарат)

4) магистральдық құбырларға техникалық қызмет көрсету үшін:

---

— ;  
(бақылау-өлшеу аспаптарының, құралдардың, жабдықтардың болуы туралы ақпарат )

5) заманауи жабдықтар мен технологияларды пайдалана отырып, қолданыстағы өндірістік объектілерді реконструкциялау, жаңғырту жөніндегі бекітілген бағдарламалардың;

жөндеу жұмыстарын орындау жоспарларының (бағдарламаларының) болуы туралы

---

— .

(бағдарламалар мен жоспарлардың атауы және олардың бекітілген күні)

5. Мыналарды:

- 1) қондырғыларды, машиналарды, механизмдерді, аспаптарды, жабдықтарды пайдаланудың және оларға техникалық қызмет көрсетуді;
  - 2) еңбек қауіпсіздігін;
  - 3) қоршаған ортаны қорғауды;
  - 4) метрологиялық бақылауды;
  - 5) технологиялық процесті сақтауды және берілген сападағы өнімнің шығарылуын сақтауды ("мұнай-химия өндірістерін пайдалану" қызметінің кіші түріне таратылады);
- б) магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдаланудың технологиялық процесін сақтауды ("магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану" қызметтерінің кіші түрлеріне таратылады) қамтамасыз ететін қызметтер және (немесе) жауапты тұлғалар:
- 

—  
(қызметтерді және (немесе) жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрықтардың нөмірін және берілген күні)

6. Тиісті білім деңгейіне жауап беретін:

- 1) техникалық басшылар үшін – мұнай және газ саласындағы жоғарғы техникалық білімі, көрсетілген салада кемінде 3 жыл кем емес жұмыс тәжірибесі бар;
  - 2) мамандар үшін – жоғары техникалық немесе орта арнаулы білімі бар, атқаратын қызметіне сәйкес жалпы персоналдың 50%-нан кем емес біліктілік құрамының болуы туралы
- 

—  
(әрбір жұмыскер бойынша ақпарат: тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), оқу орнының атауы, білім туралы құжаттың нөмірі және берілген күні, білімі бойынша мамандығы және біліктілігі, лауазымы, тиісті салада еңбек өтілі (еңбек кітапшасына немесе еңбек шартына сәйкес))

---